



Автор: Бельгибаева Нургуль Тезекбаевна

Пән: География

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Географиялық деректер базасы

Тақырып: Геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану аясы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.2.2.2 - шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттайды.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар:Шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларының қолдану маңыздылығын саралап сипаттай алады. Оқушылардың басым бөлігі:Жерді қашықтан барлау нәтижелерін анықтап оның жолдарын талдай біледі.. Кейбір оқушылар:Спутниктік навигация аспабының адамзатқа берер жаңалықтарын жинақтай алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Жеке жұмыс, топтық әңгіме, гипотеза жасауға, оны қорғауға, сынақтан өткізуге және құруға уақыт бөлуді үйреніп істей алады. (тыңдалым), (айтылым);миға шабуыл,бейне ролик оны талдау (оқылым);(тыңдалым),мәтінмен жұмыс (жазылым)) (айтылым);мәтінмен жұмыс ,кесте толтыру оны қорғау
Бағалау критерийлері:	1. Шаруашылық салаларында геоақпараттық технологияларын қолдану маңыздылығын анықтап сипаттай алады. 2. Ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолдану жолдарын талдай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Индустрияландыру мен индустрияға негізделген экономикалық өсу. Геоақпараттық технологиялар процесін тиімді қолдана білу.
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы,информатика
Бастапқы білім:	Географиялық нысандарды топтастыра алады.АКТ-ны қолдана отырып географиялық деректер базасын құрастыра алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Амандасу. Сабағымызды бастайық. «Шаттық шеңберіне» тұрайық Психологиялық ахуал қалыптастыру Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.Бір-біріне тілек айту арқылы оқушылар жақындасады, көңіл күйлері көтеріледі. Оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын/ ОМ анықтау; Күтілетін нәтижені анықтау.	
Сабақтың ортасы	2- Тапсырма (оқылым,айтылым) 2 топқа бірдей Мәтінмен жұмыс. «Сұрақты қағып ал» әдісін қолдану Балалар, қазір жаңа тақырып ішінен сұрақтар жазылған «Қар кесектерін» өздеріңізге лақтырамын. Жылдам қолға түсірген оқушы жауап береді. Оқушы жауапты білмеген жағдайда сұрақты басқа оқушыға лақтыруына мүмкіндік беріледі. Сұрақтар легі төмендегідей: □ Жерді қашықтан бағдарлау тәсілдері қандай? □ Пассивті тетіктер және белсенді тетіктерге не жатады? □ Қашықтықты барлаудың объектілерін ата?	
Сабақтың соңы	Бүгінгі сабақ сендерге түсінікті болды ма? - нені білдім - нені толық түсінбедім - не қиын болды	
Рефлексия	2 Шапалақ» әдісімен мадақтаймын. 1 шапалақ- нашар 2 шапалақ -жақсы 3 шапалақ -өте жақсы ҚБ: «Бағдаршам» арқылы	